



**Қазақстан Республикасының  
 Әділет Министрі  
 Бекетаев Марат Бакытжановичке**

**«Қазақ әуендерінің орындаушылары»  
 Республикалық қоғамдық бірлестігі**  
 Шымкент қаласы, Қайтпас мөлтек  
 ауданы,  
 Амангелді көшесі 22 үй

**АҚПАРАТ**

Заңның 47 б. 1 т. талабына сәйкес

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 47 бабының 1 тармағының тармақшаларының реттілігімен «Қазақ әуендерінің орындаушылары» республикалық қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай- Бірлестік) 2018 жыл көлеміндегі атқарған қызметі туралы төмендегіні мәлімдейді:

- 1). 2018 жылды Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізмеген.
- 2). Бірлестікпен 2018 жыл көлемінде шетелдік мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын мекемелермен келісімдер түзілмеген.
- 3). Бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысы 2018 жылы өткізілмеген және жаңа шешімдер қабылданбаған.
- 4). Бірлестіктің 2018 жылға түзілген бухгалтерлік (жылдық) балансы туралы:

активтер	жол коды	есепті кезеңнің аяғында	есепті кезеңнің басында
<b>I. Қысқа мерзімді активтер:</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары	010	59 670 104	39 567 455
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	016	55 148 451	48 050 208
Қорлар	018	57 216	23 055
Өзге де қысқа мерзімді активтер	019	226 681	219 094
Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010 жолдан 019 жолды қоса алғанда)	100	115 102 452	87 859 813
<b>II. Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Баланс (100 жол+101 жол-200 жол)		115 102 452	87 859 813

Міндеттеме және капитал	Жол коды	есепті кезеңнің аяғында	есепті кезеңнің басында
<b>III. Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			

Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	213	13 164 745	10 387 652
Қызметкерлерге сыйақылар	216	199 331	204 742
Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері	217	(497 402)	(491 391)
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210 жолдан 217 жолды қоса алғанда)	300	12 866 674	10 401 002
V. Капитал			
Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)	414	102 235 778	77 758 811
Негізгі ұйымның меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны (410 жолдан 414 жолды қоса алғанда)	420	102 235 778	77 758 811
Барлығы капитал (420 жол+/-421 жол)	500	102 235 778	77 758 811
Баланс (300 жол-301 жол + 400 жол+ 500 жол)	•	115 102 452	87 859 813

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық есептілігін декларациясы (жылдық есеп) (100.00-нысан)

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Сомма
<b>I. Табыстар бөлігі:</b>		
Басқа табыстар	100.00.004	72 580 846
Табыстар жиынтығы (100.00.001+100.00.002+100.00.003+100.00.04)	100.00.005	72 580 846
<b>2. Коммерциялық емес ұйымға салық салу (Декларацияға 10-қосымша)</b>		
Коммерциялық емес ұйымды ұстауға арналған шығыстар	100.10.014	17 607 222
Ақпараттық материалдарды әзірлеу және орналастыру	100.10.016	29366
сыйақылар	100.10.017	24 323 239
Шығыстардың жалпы соммасы (100.00.014-тен 100.00.022-ке дейінгі жолдардың соммасы)	100.10.023	41 959 821
<b>3. ірістер үлесінің негізінде шегерімдерді есептеу</b>		
салық салуға жататын табыстардың үлес салмағы (100.10.012 жол мен 100.10.013 жол қатынасы)	100.10.024	10.0
Табыстар жиынтығы (100.00.021 I)	100.10.025	41 959 821
шегерімдерге жатқызуға жататын шығыстардың сомасы (100.10.025 және 100.10.024 туындысы)	100.10.026	41 959 821

Бірлестік пен «Проф-Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында 05.04.2019 жылы түзілген аудиторлық қызмет көрсет туралы №16 шарт негізінде, Бірлестіктің 2017, 2018 жылдарда атқарған қызметіне аудиторлық тексеру жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген аудиттің нәтижесімен түзілген аудиторлық есепке сәйкес, Бірлестіктің бухгалтерлік есебі Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» заңының, Халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілгеніне қорытынды жасалды.

Бірлестіктің атқарған қызметіне аудиторлық мекеме тарапынан ескертпелер мен ұсыныстар енгізілмеді. (қорытынды тіркеледі)

Бірлестіктің сыйақыны жинау, бөлу және төлеу мақсатында атқарған жұмысы нәтижесіндегі 2018 жылғы есебі:

Бірлестіктің есебіне 2018 жылы пайдаланушылардан 60 404 038 тенге сыйақы есебіндегі қаржылар түсті.

Осы түскен қаржылар пайдаланушылардың есептері және мәліметтер негізінде құқықиеленушілерге 24 326 543 теңге бөлінді. Құқықиеленушілерге төленген сома 37 053 311 теңгені құрайды.

Бірлестіктің нақты шығыстарын жабуға арналған сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының 30 пайызынан аспайды.

2018 жылғы талап етілмеген сыйақы 5 446 295 теңгені құрайды.

Бірлестікпен талап етілмеген сыйақы суммаларын құқықиеленушілерге бөлу және төлеу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына ресми іздеу жарияланған және интернет ресурсқа енгізілген.

Сонымен қатар, мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын отандық ұйымдармен тиісті келісімге келіп, солардың басқаруындағы құқықтар иелеріне сыйақылар аударылып келеді.

Пайдаланушылар арасында орын алған дебиторлық қарыздар бойынша заңнамаға сай тиісті шаралар көріліп, сот актілері негізінде өндіріліп келеді.

Бірлестік қызметкерлерімен сыйақы алуға құқылы құқықиеленушілерді ғаламторда орналасқан қол жетімді базалар арқылы және тұрғылықты мекен-жайларынан іздестірілуде, және ол оң нәтиже берілуде.

Бірлестікте интернет-ресурс жұмыс жасап, онда сабақтас құқықтар объектілерінің атауы, құқықиеленушілердің аты мен басқаруға берілген құқықтар, пайдаланушылармен жасалған лицензиялық шарттар туралы ақпараттар, жергілікті жерлердегі өкілдер және жиналған сыйақыны аудару үшін орындаушыларды, фонограмма шығарушыларды іздеу жөніндегі мәліметтер тиісті дәрежеде қамтылған.

Сонымен қатар, өз жарғылық мақсаттарымызды әр-бір пайдаланушыға жеткізу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына мәліметтер жарияланып, жеке-дара түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.

Бірлестіктің жарғылық мақсаттағы жұмысын 2018 жыл көлемінде жандандырып, уәкілдік етіп келген қызметкерлеріміз: Е.Тастанбеков, С.Н.Булатбеков, А.М.Битемір, Б.С.БЕРДИБАЕВ, С.Көшекбаев, С.К.Мыңбай, А.Б.Молдабергенов, Д.Т.Махсудов, Б.А.Абдукаримов, А.О.Утебаев, Ж.Б.Умбеталиев, Н.Л.Карабаева, С.Ш.Токсанов, Каирбеков Д.Ж.

**«Қазақ әуендерінің орындаушылары»  
республикалық қоғамдық бірлестігінің  
Бас директоры**



**Н.М.Енжанов**